

Қызылорда облысының білім басқармасы
«Қазалы аграрлы - техникалық колледжі» КМҚК

«Келісімін»

Қызылорда облысының
білім басқармасының басшысы

 А. Б. Қасымова
«___» _____ 2021 ж.



«Бекітемін»

Қазалы аграрлы - техникалық
колледж директоры

 А. Қ. Мусаев
«___» _____ 2021 ж.



1201000- «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету,

жөндеу және пайдалану»

мамандығы бойынша құзыреттілік орталық

Е Р Е Ж Е С І

2. Орталықтың мақсаты мен міндеттері

2.1. Құзыреттілік орталықтың мақсаты - экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін білім беру, ғылым және ғылыми зерттеулерді қолдау, білім беру және ғылым саласындағы кадрлардың кәсіптік дамуына қолдау көрсету, білім беру және ғылым саласындағы кадрлардың кәсіптік дамуына қолдау көрсету.

2.2. Құзыреттілік орталық қызметінің мақсаттары:

1201000 - «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша Қазалы аграрлы - техникалық колледжінің білім беру және ғылым саласындағы кадрлардың кәсіптік дамуына қолдау көрсету.

Қазалы, 2021 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже Қызылорда облысы білім басқармасының «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК қосымша құрылымдық бөлімшесінің қызметін ұйымдастыру мақсатын, міндеттерін, функцияларын, тәртібін айқындайды, «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК базасы аясында құзыреттілік орталығының жұмысы жүзеге асырылады.

1.2. Осы ереже ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, «Жас маман» жобасы шеңбері аясында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі №425 бұйрығының негізінде жасалынды.

1.3. Құзыреттілік орталығының құрылымы педагогикалық оң нәтижелері бар, заманауи материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базасы, Қызылорда облысының ТЖКБ жүйесін және экономикасын дамыту үшін маңызды бағыттар бойынша инновациялық кәсіби тәжірибені қайта тарату үшін жоғары білікті кадрлық әлеуетке ие «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК базасында қалыптасады.

1.4. Құзыреттілік орталығы «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады;

1.5. Құзыреттілік орталығының штаттық кестесін колледж директоры бекітеді;

1.6. Құзыреттілік орталығы өзара бірлесе жұмыс жасайды:

- ТЖКБ жүйесіне қатысты оқу орындарымен ғылыми-әдістемелік, кәсіптік бағдар беру және оқу қызметін ұйымдастыру мәселесі жөнінде;
- Қазалы аудандық жұмыспен қамту орталығы;
- Кәсіпорындармен және әлеуметтік серіктестермен.

2. Орталықтың мақсаты мен міндеттері

2.1. Құзыреттілік орталықтың әлеуметтік-экономикалық миссиясы кәсіптік білімді қазіргі заманға сай етіп жаңғырту, Қызылорда облысының оқу орындарын басқарудың жалпы әдістемелік аспектілері олқылықтарының жедел орнын толтыру, сондай-ақ Қызылорда облысының ТЖКБ ұйымдарына тиімді әдістемелік көмек көрсету, өңір экономикасын бәсекеге қабілетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда облысының ТЖКБ ұйымдарының инженер-педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша сапалы қызметтер көрсету.

2.2. Құзыреттілік орталық қызметінің мақсаттары:

- 1201000 - «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша WorldskillsKazakhstan чемпионаттарына қатысу үшін аймақтық команда мен Қазақстан құрамасына бәсекеге қабілетті қатысушыларды даярлау инфрақұрылымын қалыптастыру;

- ТжКБ білім беру ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатарынан сарапшылар қауымдастығын қалыптастыру және оларды WorldskillsKazakhstan талаптарына сәйкес оқыту;

- Республикалық және Қызылорда облысының оқу орындарының озық практикалық тәжірибесін, шетелдік тәжірибені, сондай-ақ колледж жетістіктерін Қызылорда облысының ТжКБ ұйымдарының күнделікті практикада қолдануы үшін ретрансляциялау;

- өңір экономикасы үшін кадрлар даярлау саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту;

- ТжКБ жүйесінің кадрларын оқыту үшін кешенді ғылыми-практикалық және әдістемелік ресурстық база құру;

- кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін педагогикалық ғылым мен өндірістік практиканың зияткерлік, әдістемелік, кадрлық, материалдық - техникалық ресурстарын біріктіру;

2.3. Құзыреттілік орталықтың қызметтік міндеттері:

- Құзыреттілік бойынша Worldskills Kazakhstan чемпионаттарына қатысу үшін бәсекеге қабілетті қатысушыларды дайындау;

- Worldskills Kazakhstan ұлттық командасы, Қызылорда облысының құрама командасы үшін резерв дайындауды қамтамасыз ету;

- кәсіби бағдарлау және кәсіби өзін-өзі анықтауды сүйемелдеу саласында қызметтер көрсету;

- WorldSkills халықаралық стандартқа сай мамандар кадрын даярлау;

- WorldskillsKazakhstan жаттығу жиындары мен өзге де іс-шаралардың өткізілуіне қатысу;

- Worldskills Kazakhstan чемпионатына қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес құзыреттер бойынша кәсіби мамандарды даярлау үшін материалдық – техникалық базаны жаңғырту және тиімді пайдалану;

- Worldskills Kazakhstan стандарттарына сәйкес құзыреті бойынша кәсіби мамандарды даярлау үшін әдістемелік база құру;

- Қызылорда облысының аумағында жұмысшы мамандықтарды танымал ету;

- Worldskills стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын түзету;

- Халықаралық чемпионат, Әлемдік чемпионат жарыстарының аймақтық кезеңдерін ұйымдастыруға қатысу;

- инфрақұрылымдық парақтарға сәйкес материалдық-техникалық база құру;

- жарыстардың аймақтық кезеңдерінің қатысушылары мен ұлттық құрама мүшелеріне арналған жаттығу процестерін ұйымдастыру;

- сарапшыларға Worldskills стандарттарына сай білім беру (тағылымдамалар, семинарлар, тренингтер өткізу);

- ұлттық құраманы даярлау бағдарламасын әзірлеуге қатысу.

- еңбек нарығының сұранысына және тапсырыс берушілердің кәсіби қажеттіліктеріне жедел ден қоятын жоғары білікті инженерлік-педагогикалық ұжым қалыптастыру;

- кадрлардың біліктілігін арттыру және кәсіби даярлау жөніндегі мәлімделген қызметтерді практикалық ұйымдастыру үшін оңтайлы білім беру

жағдайларын жасау және жүйелі түрде жаңарту;

- жаңа техниканы, жабдықтарды, технологияларды, еңбектің озық өндірістік тәсілдері мен әдістерін игеру үшін әріптес кәсіпорындардан кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау процесіне жетекші мамандарды тарту;

- әлеуметтік әріптестермен практикалық өзара іс-қимыл жасау арқылы оқу процесіне тиімді педагогикалық және технологиялық жетістіктерді енгізу;

- кадрларды қайта кәсіби даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың оқу бағдарламаларына ақпаратты енгізу;

- педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жаңа техниканы, жабдықтарды, технологияларды зерделеу бойынша тағылымдаманы ұйымдастыру.

2.4. Құзіреттілік орталықтың қызмет функциялары :

- *аналитикалық - диагностикалық қызмет* - сауалнама жүргізу, әлеуметтік сауалнама жүргізу, диагностикалаудың басқа да әдістері арқылы білім беру процесіне қатысушылардың кәсіби ниеттері мен білім алу қажеттіліктерін мониторингтеу;

- *инновациялық қызмет* - инновациялық бағдарламалар мен жобаларды, өңірлік білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарын іске асыру бойынша оқу орнымен бірлескен жұмысты ұйымдастыру; заманауи коммуникация құралдарын пайдалана отырып, білім беру процесіне инновациялық білім беру бағдарламалары мен жаңа білім беру технологияларын енгізу, өзекті инновациялық жобаларды сүйемелдеу.

- *білім беру қызметі* - Қызылорда облысының ТЖКБ жүйесінің мамандарын даярлау және қайта даярлау, Инженер педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру; ересек тұрғындардың жеке білім алу траекторияларын құру және іске асыру үшін жағдай жасау; тереңдетілген және дамыта оқыту бағдарламалары бойынша қолжетімді білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

2.5. Құзіреттілік орталықтың қызмет түрлері:

- Қызылорда облысы ТЖКБ жүйесі кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау аймақтық әдістемелік семинарларын, курстарын ұйымдастыру;

- көшпелі және қашықтық әдістемелік іс-шаралар, семинарлар, конкурстар, мастер-кластар, тағылымдамалар және т. б. өткізу.;

- Қызылорда облысы ТЖКБ жүйесінің инженер педагог қызметкерлеріне консультациялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық қолдау көрсету;

- ересек тұрғындарды даярлау және қайта даярлау курстарын өткізу;

- жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;

- оқу өндірісімен қызметтер көрсету.

2.6. Құзіреттілік орталықтың қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету:

- материалдық - техникалық, педагогикалық, ақпараттық, зияткерлік

және басқа да ресурстар құзіреттілік орталық аясында оқу орнымен қамтамасыз етіледі;

- Збірлік мөлшерінде штаттық қамтамасыз ету (құзіреттілік орталық басшысы, құзіреттілік орталық әдіскері, өндірістік оқыту шебері) колледждің бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі

- Қызылорда облысы білім басқармасы жіберетін курсанттардың нысаналы топтарын қаржыландыру Қызылорда облыстық Білім басқармасы арқылы жүзеге асырылады.

- қосымша коммерциялық топтарды қаржыландыру жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша курстардың құнын төлеу есебінен жүзеге асырылады.

3. Құзіреттілік орталықты қаржыландыру

3.1. Құзіреттілік орталық қызметін ұйымдастыруға арналған шығындарды қаржыландыру «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК Жарғысында және осы Ережеде көзделген барлық қызмет түрлерінің есебінен бюджеттік және бюджеттен тыс негізде жүзеге асырылады.

Білім беру қызметінің барлық түрлеріне арналған шығындардың ақысы ҚР-ның қолданысындағы тарифтерге сәйкес шығындар сметасында көзделген нақты шығындардың негізінде айқындалады.

3.2. «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК құзіреттілік орталық білім беру қызметінің ақысының есебіне дәрістер, семинарлар мен тренингтермен қатар:

- лекторлар курстарды тыңдаушыларға қағаз және электрондық тасығыштарда берген жағдайда зияткерлік меншік объектілері үшін ақы төлеу;

- жасалған шарттар мен келісім-шарттар негізінде шақырылған лекторлар мен жаттықтырушыларға қаламақы төлеу;

- тарату әдебиетіне, баспа типографиялық өнімге, озық тәжірибе объектілеріне, базалық кәсіпорындарға бару үшін көлік қызметтерін қамтамасыз етуге, курс тыңдаушыларын озық тәжірибе бойынша материалдармен қамтамасыз ету үшін электрондық тасымалдағыштар көбейтуге арналған шығындар;

- штаттық кесте;

- коммуналдық қызметтер шығындары қамтылады.

4. Құзіреттілік орталық қызметін ұйымдастыру

4.1. Күнтізбелік жыл ішінде кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі қызметті мынадай бағыттарда жүзеге асырады:

- теориялық білімдерін жаңарту, практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіру мақсатында ТжКБ жүйесінің инженерлік-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру (оқу орнында құрылған оқу өндірісінің базасында зертханалық-практикалық сабақтар өткізу, жұмыс орнында тағылымдамалар ұйымдастыру);

- жаңа практикалық білім мен біліктілік алу мақсатында тиісті бейіндегі кадрларды қайта даярлау, олардың кәсіби тұрғыда жетістікке жету саласын

кеңейту;

4.2. Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау кезіндегі құзіреттілік орталық қызметі қысқа мерзімді (36-дан 144 сағатқа дейін) және ұзақ мерзімді (144 сағаттан астам) болуы мүмкін; еңбек қызметінің негізгі түрінен қол үзбей (қашықтықтан), сондай-ақ негізгі өндірістен қол үзбей өткізілуі мүмкін. Оқу процестері құзіреттілік орталық базасында және тиісті бейіндегі базалық кәсіпорындарда өтуі мүмкін.

4.3. Оқу топтарын құру және білім алушылар қатарына қабылдау жеке өтініші негізінде, тиісті колледж директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

4.4. Тапсырыс беруші мәлімдеген бағыттар мен нысандар бойынша толық оқу курсы сәтті аяқтағаннан кейін сараптамалық сынақтардан өткен курсанттарға белгіленген үлгідегі құжаттар (сертификаттар, куәліктер) беріледі.

Біліктілікті арттыру мен кәсіптік қайта даярлаудың толық курсы аяқтамаған курсантпен келтірілген шығындар бойынша өзара есеп айырысу жасалған шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.5. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі қызметпен айналысатын штаттық қызметкерлердің тізбесін, олардың функционалмен белгіленген қызмет түрі үшін ақы төлеу мөлшерін, қосымша ақылар мен үстемақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және тағы басқа мәселелерді «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК Жарғысына сәйкес оқу орнының директоры айқындайды.



4.6. Құзіреттілік орталық қызметіне күнделікті басшылықты құзіреттілік орталық басшысы жүзеге асырады. Жалпы басшылық оқу орнының директорына бекітілген, қаржылық есеп беруді оқу орнының бас есепшісі жүзеге асырады;

5. Құзіреттілік орталық құжаттары

- Құзіреттілік орталық туралы ереже;
- Құзіреттілік орталық штаттық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
- Күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспары;
- Құзіреттілік орталықтың кіріс құжаттарын тіркеу журналы;
- Құзіреттілік орталықтың шығыс құжаттарын тіркеу журналы;
- Құзіреттілік орталықта даярлықтан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өткен курсанттарды есепке алу журналдары;
- Анықтамалар, сертификаттар беруді тіркеу журналы;
- Лекторлармен жасалған шарттар, орындалған жұмыстар актілері;
- Құзіреттілік орталықтағы оқытуды ұйымдастыру туралы шарт (үлгі);
- Оқу ақысын есептеу және т. б.;
- Қызылорда облыстық ТжКБ оқу орындарының тізімі;
- Колледж мұрағатына сақтауға тапсырылған құжаттар тізімі;
- Есептен шығаруға жататын құжаттарды жоюға арналған актілер.

6. Құзіреттілік орталық туралы ережені бекіту тәртібі

Осы Ереже Қызылорда облысының білім басқармасының басшысымен келісіледі және «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК директорымен бекітіледі.



ҚАЗАЛЫ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

КӨМІКШІ ЖӘНЕ ПІЙІЗДІ

ҚАЗАЛЫ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2021 жыл